

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ойыншықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120863/

Жамбыл облысы Т.Рыскулов ауданы
Луговой ауылы
«Алтын сақа» бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші Муканова Гульмира Абдалиевна

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: Тіл дамыту.

Тақырыбы: «Ойыншықтар»

Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтардың атын айтуға үйрету. Дидактикалық ойынның шартын түсініп, тапсырманы орындау, дұрыс айту. Ойыншықтарды күтіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: ойыншықтар, суретер, топты безендіру.

Әдіс — тәсіл: ойын, сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу.

Қос тілді компонент: ойыншықтар-игрушки, куыршақ-кукла,

Әрекет кезеңдері Тәрбиешінің әрекеті Балалардың әрекеті

Мотивациялық қозғаушы

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Шаттық шеңбері

Біздер тату баламыз,

Гүл-гүл болып жанамыз

Біз жаттығу жасаймыз

Сергіп бір сәт қаламыз.

Балалар қимыл жасай отырып, шаттық шеңберін жасайды.

Ұйымдастырушы - ізденіс

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?

-Балалар мына жаққа қараңдаршы? Көктем ағаштарының жапырақтарының арасында біреу ұйықтап жатыр.

-Бұл кім болды екен?

-Қонағымызбен амандасайық.

Аю:-Сәлеметсіздер ме,балалар! Менің ойыншықтар әлеміне қош келдіңдер! Тек ,әттеген-ай,бүгін ойыншықтарым ұйқтап қалыпты.Балалар,оларды ояту үшін менің жасырған жұмбақтарымды шешіңдер:

Жұмбақ

Шіріннің өзіне обал-ақ,

Жүреді аяқта домалап.

-Дұрыс айтасыңдар.Кәне,аю дұрыс па екен?

-Дұрыс екен.

-Балалар доп неге ұқсайды?

Допты сипаттап,түсін,неден жасалғанын сұрау.

-Допты үйде,топта ойнауға бола ма?

Жұмбақ

Аяғы бар,жүрмейді,

Аузы бар,сөйлемейді.

Көзі бар көрмейді.

-Ол не?

Қуыршақты сипаттап айту.Неден жасалғанын анықтау.

-Балалар қуыршақпен кім ойнайды?

Жұмбақ

Ақ сарайын талқандап,

Шықты біреу талдандап (ол жұмыртқадан жарып шығады)

-Балалар мыналар не: доп,қуыршақ,балапан.

Олар-ойыншықтар.

Аюымызға төрлет дейік,біздің қонағымыз болсын.

-Балалар ,ойыншықтар қайда сатылады?

Олай болса біз автобуска отырып,ойыншықтар дүкеніне барамыз ба?

-Балалар сапқа тұрып жүрейік.

-Қане автобус қалай дыбыстайды?

Балалар біз қайда келдік?

-Біз не үшін келдік?

-Ал енді біз дүкенде сатушы болатын баланы тандап аламыз.(балалар арасынан тандап алу)

-Ал,балалар сатушыдан қандай ойыншық алатынды айтындар?

-Сатушыға ақша беру де ұмытпандар.

-Балалар өз ойыншықтарынды алған соң.

Оның неден жасалғаның айту,түсін ол қандай ойыншық екенің айту.

-Балалар сатушыға рахмет айтып автобуска отырып топқа барайық.

-Балалар біз ойыншық дүкенге барғанда.Онда үл мен қыз қуыршақ киімдерін

шаттастырып алыпты.

Оларға көмектесеміз бе?

Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»

-Балалар мынау қай қуыршаққа керек?

-Ұлға ма, әлде қызға ма?

Қуыршақты көрсету.

-Қыз қуыршақ қандай киім киеді екен?(көйлек, туфли т.б)

-Үлдар ше?(шалбар, шорты, жейде)

-Олай болса оларға көмек көрсетейік.

Әр затты сипаттап, айту.

-Ал, енді балалар орнымызға отырып аюға рахмет айтайық.

-Аю біздің балалар ойыншықтарды неден жасалғаның, түсін біледі.

Аю: Балалар сендер ойыншықтарды өте жақсы біледі екенсіңдер. Ойыншықтар неден жасалғанын. Мен сендерге сыйлық әкелдім. (қапшықтың ішінен ойыншықтарды алып шығады.)

-Көктем

-Күн жылынады, ағаштарда жапырақтар пайда болады. Құстар жылы жақтан ұшып келеді.

-Балалар қызығушылық танытады.

Амандасады.

-Балалар жұмбақтарды шешеді.

-Жауабы: доп

Дөңгелекке, домалақ.

-Жоқ онымен далада ойнау керек.

-Қуыршақ

-Қыздар ойнайды.

-Жауабы: балапан

-Дүкенде.

-Ия

-Ойыншықтар дүкеніне.

-Ойыншықтар сатып алу үшін келдік.

-Балалар ойынды қуана ойнайды.

Рефлексифті түзету

Аю біздің балалар ойыншықтарды неден жасалғаның, түсін біледі.

Аю: Балалар сендер ойыншықтарды өте жақсы біледі екенсіңдер. Ойыншықтар неден жасалғанын. Мен сендерге сыйлық әкелдім. Менің сыйлығымды қабыл алыңдар.

-Ал енді балалар мен сендермен қоштасамын. Сау болыңдар! Апайларыңның тілін алып ақылды, үлгілі бала болыңдар.

-Балалар мынау ойыншықтармен ойнауға бола ма?

(Сынық ойыншықтарды көрсету.)

-Енді шатық шеңберге тұрайық. Сабағымызды аяқтап қонақтармен қоштасайық.

Шеңбер:

Біз шеңбер құрайық

Қолымыздан ұстаймыз

Сау саламат деп айтамыз.

Қонақтарға сау болыңдар деп айтамыз.

-Ия

-Балалар қоштасады.

-балалар жауап береді.

-Балалар шаттық шеңберге тұрып жылы сөздерді қайталайды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.